



«Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014»

Рахымжан Отарбаев

Әңгімелер жинағы (қазақ және орыс тілінде)

ПЕРІШТЕЛЕР ҰЙЫҚТАМАЙДЫ

Электрондық оқулық

Рахимжан Отарбаев

Сборник рассказов (на казахском и русском языках)

АНГЕЛЫ НЕ СПЯТ

Электронная книга

Қазақстанда кеңінен танымал прозашы, драматург Рахымжан Отарбаевтың әңгімелер жинағын біріктіретін «Періштелер ұйықтамайды» кітабы Академик З.Қабдолов атындағы қордың (әдеби-тарихи мәдени «Алшы» қорымен серіктестік негізінде) атыраулық жазушылардың электрондық кітапханасын екі тілде қалыптастырудағы кезекті үлесі болып табылады.

Бастапқыда кітаптың түпнұсқалық мәтіні қазақ тілінде жазылып, барлық шығармаларды жазушы, ақын, Бекет Қарашин (он сегіз әңгіме) және аудармашы Қалиолла Байменов тәржімалаған (соңғы он әңгіме)

Осылайша, кітаптың барлық мәтінін лексикалық білім аспектісін орындауға қабілетті біртұтас көркем сөздік-аудармашы қызметінде деуге болады. Яғни, мазмұн екі тілге аударылып, мәтіннің түпнұсқасы іспетті кіріктірілген интерактивті сөздіктің қызметін атқарады, сондай-ақ, жинақты оқу кезінде онлайн режимінде орыс тілінен қазақ тіліне және керісінше аударма жасауға мүмкіндік береді.

Кітап үлгісі электрондық кітаптарды пайдаланушылар арасында бүкіл әлемде кеңінен таралған iPad және Android тұғырнамаларымен біріктірілген, яғни олар электрондық әдебиеттің барлық дерлік ридерлер типін тұтынушыларға қолжетімді етуге мүмкіндік жасайды.

Жинақ тізбектеу арқылы жалпы қолжетімді әдеби серверлерде, танымал ақпараттық және әлеуметтік желілерде, Қабдолов қорының сайтында, жобаның арнаулы сайтында, сондай-ақ серіктестердің, жазушылар одағы мен әдеби клубтардың электрондық пошталарына жіберу арқылы таратылады. Кітапты жүктеп алу тегін.

Аталған кітап Академик З.Қабдолов атындағы қордың «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014» жобасы бойынша «Теңізшевройл» ЖШС-нің қаржылай демеушілігі негізінде шығарылған. Ол қазақ тілін үйренуге ынталы көпшілік оқырманға арналған.

Редакциялық алқа:

Бас редактор - Бекет Қарашин;

Редакторлар – Габит Молдамұрат, Г. Пряхин;

аудармашылар – Б. Қарашин, Қ.Байменов;

Құрастырушы - Бекет Қарашин

Кітапты беттеуші және дизайнер – И. Борзых

Книга «Ангелы не спят», представляющая собой сборник рассказов широко известного в Казахстане прозаика и драматурга Рахимжана Отарбаева, является очередным вкладом фонда им. академика Кабдолова (в партнёрстве с Литературно-историческим культурным фондом «Алшы») в формирование уникальной электронной библиотеки атырауских писателей на двух языках.

Оригинальный текст книги был изначально казахским. Все произведения претерпели процесс перевода в исполнении писателя и поэта Бекета Карашина (восемнадцать рассказов) и переводчика Калиоллы Бейменова (десять последних рассказов)

Таким образом, весь текст книги представляет собой единый художественный словарь-переводчик, способный выполнять образовательный аспект. То есть содержание лексически адекватно дублируется на двух языках, представляя собой как текст оригинала, так и встроенный интерактивный словарь, который позволяет в процессе чтения в он-лайн режиме получить перевод с русского на казахский, и наоборот.

Формат книги совмещается с наиболее распространенными среди пользователей электронных книг во всём мире платформами iPad и Android, что делает ее доступной пользователям практически всех типов ридеров электронной литературы.

Сборник распространяется посредством выкладки на общедоступных литературных серверах, в популярных информационных и социальных сетях, на сайте фонда Кабдолова, специализированном сайте проекта, а также многочисленных рассылок по электронным адресам партнёров, писательских союзов и литературных клубов. Скачивание книги бесплатное.

Книга издана на инвестиционные средства ТОО ТШО по проекту фонда имени академика Зейноллы Кабдолова «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014». Она предназначена для широкого круга читателей и масс, заинтересованных изучить казахский язык.

Редакционная коллегия:

Главный редактор - Бекет Карашин,

Редакторы – Габит Молдамұрат, Г. Пряхин (Москва)

Переводчики - Б. Карашин и К. Байменов;

составитель – Б. Карашин,

Верстальщик и дизайнер – Ирина Борзых





Отарбаев Рахымжан - 19/10/1956 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданында туған.

1977 жылы Орал педагогикалық институтын бітірген. Әр жылдарда «Орал өңірі» газетінде тілші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақ телерадиокомитетінде редактор, «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Жалын» альманахында бөлім меңгерушісі, Қырғызстанда Қазақстан елшілігінің атташесі, Маңғыстау облыстық телерадио компаниясының төрағасы, Атырау облыстық драма театрының директоры, ҚР Президенті Әкімшілігінде сектор меңгерушісі қызметтерінде болған. Астанадағы Ұлттық академиялық кітапхананың Бас директоры болып істеген.

Шығармашылығы:

Жазушының әр жылдары «Шер», «Жұлдыздар құлаған жер», «Жайық жыры», «Қараша қаздар қайтқанда», «Дауысыңды естідім», «Аспандағы ақ көбелектер, Біздің ауылдың амазонкалары, Айна-ғұмыр, «Отверженный мир» атты прозалық жинақтары және таңдамалы шығармаларының 2 томдығы жарық көрген. Қытайдың «Ұлттар» баспасынан қытай, қазақ тілінде 2 томдығы, Ресейдің «Художественная литература» баспасынан орыс тілінде бір томдығы және «Проводник судьбы» жинағы жарық көрген. Жекелеген шығармала-

РАХИМЖАН ОТАРБАЕВ

Отарбаев Рахимжан - родился 19/10/ 1956 года в Курмангазинском районе Атырауской области.

В 1977 году окончил Уральский педагогич. институт. В разные годы работал корреспондентом в газете «Орал өңірі», учителем казахского языка и литературы, редактором в казахском комитете телерадио, в газете «Қазақ әдебиеті», заведующим отдела в альманахе «Жалын», атташе посольства Казахстана в Киргизии, Председателем компании радио-телевидение Мангистауской области, директором театра драмы Атырауской области, заведующим сектора Администрации Президента РК, Генеральным директором национальной академической библиотеки.

Творчество:

В разные годы были опубликованы его прозаические сборники: «Шер», «Жұлдыздар құлаған жер», «Жайық жыры», «Қараша қаздар қайтқанда», «Дауысыңды естідім», «Отверженный мир» и 2 тома избранных произведений. Издательство «Ұлттар» в Китае выпустило двухтомник на казахском языке, издательство «Художественная литература» в России выпустило однотомник на русском, а также сборник «Проводник судьбы». Отдельные произведения издавались на итальянском, английском, французском языках. В изда-

ры итальян түрік, ағылшын, француз тілдерінде басылған. «Каир» баспасынан «Соғыстың соңғы бомбасы» деген атпен 1 томдығы араб тілінде жарияланды. Көптеген пьесалары республикалық және шетел театрларында сахналанған.

Атақтары:

Махамбет сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық Шыңғыс Айтматов сыйлығының лауреаты, халықаралық «Академик Зейнолла Қабдолов марапатының» иегері, «Парасат» орденінің иегері, «Атырау қаласының құрметті азаматы»

тельстве «Каир» была издана книга «Последняя бомба войны». Множество Пьес Рахимжана Отарбаева было поставлено республиканскими и зарубежными театрами.

Награды и звания:

Лауреат премии имени Махамбета, лауреат Международной премии имени Чингиза Айтматова, Заслуженный деятель РК, обладатель международной награды им. Академика З. Кабдолова, Обладатель ордена «Парасат», «Почётный гражданин города Атырау».





ҚАЙДАҒЫ-ЖАЙДАҒЫ ПОСИДЕЛКИ

Осы кемпір түбі алжып өлетін шығар.

Баяғы бір қора қойды ысқырығымен қайырып, кімсің – Санақбаймын боп жүргенде... Тоңқаңдап жүріп томырғаны май еді.

Қабак шытып, қас ойнатса бітті, тұқайы сыртылдаған сиырдың жорғасы құсап бүлкіл қағатын.

Енді кеп шүйкедей боп дауды тамызық етуін. Қызыл тілі таңдайын күйдіріп олай-бұлай көсеуін.

«Мен болсам белімнен шойырылып, кәріп боп қалдым. Сегізкөзімді сипатайын деп ауданға балгерге кетіп барам. Жолкіреңе деп зейнетақыңды уысыма тұтасымен құймайсың...» деуін!

Қап, бәлем!..

«Дүкен жағалап кеткелі тұрсың. Иә, карта ойнап ұтыласың. Бар, ойбай, сыбағаңнан қағыларсың...» дей ме, әй?!

Осы сөзді кешегі сауырынан түспей, оқыранып

Похоже, эта старуха умрёт, вконец выжив из ума.

Да, были славные времена, когда он, Санақбай, лишь свистом сбивал овец в огромную отару, а она кувыркалась, как сыр в масле.

Стоило ему только, скрестив брови, нахмуриться, так всё, вставала на цыпочки и семенила ногами, как смиренная корова копытами.

А теперь же, возгорается, словно прядь пуха для растопки. Её острый язык, воспаляя рот, шурует огонь и так, и сяк.

- От болей в пояснице стала калекой. Уезжаю в райцентр к целителю. Почему на дорогу не отдал пенсию полностью?

- Не многого ли требуешь?

- Опять собираешься в магазин. Как всегда, проиграешься в карты. Иди, иначе останешься без причитающейся тебе доли, иди. Язвит что ли она?

Попробовала бы высказывать такие едкие слова,

тұрған шақта айтса нетті?..

Мана түс әлетінде поштаға бас сұққан. Зейнетақысы келіпті. Ол қайбір жарытымды нәрсе? Ай сайын алақанына сауысқанның саңғырығындай ғып бірдеңе тамызады. Жатар-тұрарың осы деп. Келе:

«Мә, әлгі жамандарға кәмпит апар», – деп кемпіріне тұтас мың теңгелікті ұстатқан. Немерелерін айтқаны.

Аяғын аттап басқан сайын бажылдап жүрген неме жалғыз жетім қағазды көргенде тіпті өршіп кетті.

Осының ауыратынының өзі өтірік. Қарашы, қаздаң-қаздаң етіп мұны желімен қағып жанынан әрі-бері өтуін.

– Кетем, келін-баламның қолында тұрам! Қал солай, Ерлепес мен корей шалды, қарауыл орыс қатынды қара тұтып, – деп сілтейді-ай.

-Үкіметтің үйіне қамалып оңарсың. Дәрет алам деп таскелінің үстінде үкі құсап шошайып отырғанын көрсе бір, шіркін!

Дүкен жағалап дейді. Е, несі бар? Айына бірер мәрте Антонинаның күркесіне бас бағып, бата тілемес көкмойнақтың бір-екеуін босататындары рас.

Қызды-қыздымен алдарына ала қағазды да жайып жібереді. Басқа не ермек қалды дейсің осы ауылда?

– Кешегі кезде...

– Келістіргенің шамалы. Алдындағы ызғындай малды өңшең шпанаға айдап беріп, қарадың да отырдың.

Жауап қатуға шамасын келтірмегені. Есікті сарт жапты. Айтам ғой ауырғаны өтірік деп.

Немелерін сағынғандағы әдеті.

Сегізкөзден шойырылса, ішіне адам сыйып кететін шатыраш қытай сөмкені құрым құрлы көрмей жөнеле ме?



когда он был на коне.

К полудню ходил на почту. Давали пенсию. Смехотворна её сумма. Каждый месяц капают в ладонь гроши, величиной с помёт сороки. Вот тебе на всё и про всё. Вернувшись, всунул ей в руки купюру в тысячу тенге:

- Вот, купишь этим бесенятам конфеты, - сказал он, имея в виду своих внуков.

Старуха, с каждым шагом, взвизгивающая от боли в пояснице, увидев в руке лишь одну сиротливую бумажку, вспылала ещё больше.

Похоже, она лишь притворяется больной. Ты посмотри, как она, носясь вокруг него, обдаёт его ветром своих телес.

- Уйду, буду жить у сына и невестки. Оставайся с ними, - намекает на Ерлепеса, старика-корейца и русскую сторожиху.

– Как будто сможешь ужиться в многоэтажке. Вот бы хоть краешком глаз увидеть тебя взгромоздившуюся на унитазае, словно сова!

Что она говорит о магазине? Что, правда, то, правда. Что тут такого?! Раз в месяц, посещая сторожку Антонины, опустошают бутылку-две злодейки с наклейкой, это правда.

Играют на мелочь в карты. А какая ещё забава может быть в этом захолустье?

- В былые времена...

- И чего ты достиг? Отогнав свою отару в руки шпаны, сел и сидишь сиднем.

Даже слова не даёт вставить. Со стуком хлопнула дверь. Говорю же, она лишь притворяется больной.

Привычное и обычное дело, когда она начинает сучать по своим внукам.

Если бы у неё болела поясница, то смогла бы она играючи унести полосатую китайскую сумку, куда мог бы вместиться взрослый человек?



Ауданға қатынайтын автобуска асыққан түрін. Қап, тым құрығанда төрт өрме қамшымен сипай бір тартып жібермегенін қарашы...

Кешегі кезде... Еліміздің егемендік алуына да қыруар жәрдемі тиген Санақбай емес пе бұл?!

Құрдастары әзіл ғып айтса да негізсіз емес. Болған оқиға...

Тура елу бес жасты ерттеп мініп тұрған шағы-тын.

Жілік майы толысқан, қияқ мұрт, қыр мұрын, қарағайдың берішіндей Санақбайдың алдын...

Кесіп өтсе кеңшар директоры ғана. Қозықарын қортықтау, жымысқы неме ұрлығын жасырам деп ақыры елден безді.

Әкесін қаңғыртып жұртқа тастап кетіп еді, әй, түбі оңбас!

Ерте көктемнің кезі. Мая-мая шөп таусылып, қой біткен ескі қораны кеміріп, үңгіп шыдатпай барды.

Енесі жарытпаған соң төлде береке бола ма? Шығын күн санап үдеп тұр. Екі апта бұрын «Жем жіберемін, сақманшы бөлем, қарық қылам» деп кеткен қозықарын қортықтау немеден ұшты-күйлі хабар жоқ.

Баласына қатын әперіп, кернейлетіп-сырнайлатып жатыр деп естиді. Ал, шауып ал!

Ашумен атқа мінген. Қолтығынан жел гулеп шауып түс әлетінде кеңшар орталығына жеткен.

Салып-ұрып кеңсеге беттеген. Жолдағы дүкеннің жанында үш-төрт құрдасы қауқылдаса қалыпты.

Құшақтарын жая ұмтылысты. Тісінің қатары бұзылған бірі тіпті бетін сілекейлеп те жіберді. Қайтіп жібімесін?..

Жардай атанды жығатын жазғытұрғы желкем күн

Смотри, как она спешит стремительно на автобус, отправляющийся в райцентр. Жаль, хотя бы разок, не прошёлся четырёхжильным кнутом по её крупу...

В былые времена... Разве он не тот Санақбай, который внёс и свою лепту в пользу страны, получившей независимость?

Его ровесники, хотя и подшучивают над ним, всё же правы. Что было, то было.

В то время ему исполнилось ровно пятьдесят пять лет.

Перейти дороге Санақбаю, крупному горбоносому мужчине с аккуратными усиками, выглядевшему как сосновый нарост, мог...

Мог только директор совхоза. Полноватый низкорослый мужчина, пытаясь скрыть своё воровство, ныне уже покинул эти края.

Бросив своего отца на произвол судьбы... Понятно, ничего путного с него не получится.

Дело было ранней весной. Запасы сена уже иссякли. Овцы от голода грызли ограду старого скотного двора, да так, что в ней зияли огромные дыры.

Ягнята, оторванные от вымени матерей, вымирали день за днём. От полноватого и низкорослого директора, который ещё две недели назад обещал прислать корма, направить помощников для окота, завалить его всем необходимым, нет никаких вестей.

Доходят только слухи о том, что он женил своего сына, устроив пир горой. Вот тебе и обещания!

Отчаявшийся и обозлённый он сел на коня. Обдув рукава ветрами, к полудню доскакал в райцентр.

Прямоком направился в контору. По пути к ней возле магазина встретил своих трёх-четырёх радужных ровесников.

Бросились к нему с объятьями. Один из них без зубов даже расцеловал, облюнявив его щёку. Попробуй не смягчиться.

Промозглый весенний ветер, от которого валится



бойын жайлап алған екен.

Ат үстінен әуірімнің күшімен түсті. Қысыр әңгімені қыр асырып тұрған құрдастарына да керегі сол.

«Ауыз жылытайық...» десті. «Күнде қолымызға түсіп жатқан жоқсың...» десті. «Ет жемегенмен сорпа ішкендей болайық...» десті. Өңшең қу мүйіз шыдас бермес.

Әрқайсысына атап тұрып екі жартыдан алған.

«Жарылғанша ішіндер, өлгенше ұмытпаңдар» деп...

– Ал кеттім... – деп үзеңгіге аяқ іліктіргенін біледі.

Арғысы бұлдыр-бұлдыр бір елес. Бір есін жиса, әлгі қозықарын қортықтау неменің кабинетінде тұр.

Өзі креслоның үстінде қалқып көрінеді. Аман-саулық жоқ.

Бұл болса айылын жияр емес. Теңселе басып, ықылық атады. Көз алдын кептеген мұнар бірде қоюланып, бірде ашылады.

Кеңшар директорының жымысқы жүзі кейде анық көрініп, кейде тұңғыыққа сіңіп жоғалады.

– Әй! – деді бұл сол тұрған қалпы екпіндеп. – Атана нәлет, балаңның күйегі түсті екен деп малды қырамыз ба?!

Бір уыс шөп жоқ. Қыстай жем көрмедік. Тумай туа шөгіп жатыр. Ертең «төл қайда?» дерсіңдер.

«Пішт, мә!» дерім сонда. – Қолын шығарып, бас бармағының өсіңкіреп кеткен тырнағына бір түкіріп қойды.

– Пішт, мә! Неге үндемейсің? Ә, солай ма? Шыбынның өзі шөлдеген шілдеде... Өгіз өкірген

даже нар величиной с яр, добравшись до костей, сковывал всё тело.

С трудом сошёл с коня, да и то не без помощи ровесников. Им, ведшим между собой бесплодную беседу, так того и надо было.

Настояли на том, чтобы согреть уста. Убеждали в том, что он желанный для них, не каждый день, попадающийся к ним в руки, человек. Наперебой галдели, мол, хотя нет сваренного мяса, заменим его горьким бульоном из бутылки. С этим напором сплошь засохших рогов он не справился.

Каждому из них купил по две бутылки поллитровки.

«Пейте, пока не лопните, не забудьте меня до самой смерти», - говорил он им.

Помнит только, как, вдев ногу в стремя, сказал им: - Всё, мне пора.

Всё дальнейшее – в сплошном тумане. Когда в голове наступило короткое просветление, он уже стоял в кабинете директора.

Перед глазами то темнело, то смутно светлело. Показалось, что тот сидит на кресле, развалившись. Нет ни приветов, ни ответов.

Его же охватило возмущение. Покачиваясь, стал икать. Его глаза то темнели от сгущающихся видений, то раскрывались от просвета.

Лик директора то ясно различим, то, впитавшись в бездну видений, исчезал.

- Эй! – воскликнул он, возбуждённо. - Проклятый пройдоха, что, из-за того, что устраиваешь свадьбу своего сына, должен дохнуть скот?!

Нет ни горсти сена. Всю зиму не было кормов. Ягнята гибнут. Завтра сами же будете требовать увеличения поголовья.

Вот тебе ягнята, - выкрикну тогда вам, выставив из кукиша не выстриженный ноготь большого пальца, да ещё в придачу плюнув на него.

- Вот тебе! Чего молчишь? Нечем крыть?! В июле, когда даже мухи дохнут от жажды... В стужу, ког-



аязда... Біз пақыр жүреміз.

Алдымен мал аман ба дейсіңдер... Жан аман ба деп көрдіңдер ме осы?!

Қақсайтындарың – қайта құру... Құрып неге кетпейсіңдер?! – деп сөзінің соңын саясиландырып барып әзер тоқтаған.

– Ағай, директор әзір келе қойған жоқ. Құда аттандырып жатыр. Ертең болады.

Жалт қарапты. Есіктің көзінде еліктің лағындай боп бұған үрке қарап хатшы қыз тұр.

Көз алдын кептеген мұнар сейіліп сала берді. Қараса, кресло қаңырап бос жатыр. Бос креслоның көк желкесінен асылып Горбачев тұр.

Жансыз сурет демесең, бұған тесірейе қалыпты. Көз айырса екен-ау! Оң жақ шекесіндегі қызыл қалы тіпті қарақошқылданып барады.

«Әй, Санақбай-ай, сен де сондай ма едің?..» дейтіндей.

Ыза мен ұят қысып, атына міне қамшы басты.

Әлгі еліктің лағындай пәтшағар естігенін елге жайыпты. Былайғы жұрт бауырын тырнап күлді. Аңыз ғып әкетісті.

Қылаяғы Санақбайдан да сөгіс естіп тынған Горбачев «қой, болмас, болмас» десе керек.

Алаң-құлаң етіп отырғанда «Жайлауың – анау, қыстауың – мынау, бар енді, егемен бол» деген. Осында Санақбайдың да үлесі жоқ деп кім айта алар?!

Былтыр көрші ауылдағы немере інісінің қызына құда келіп, табақтас болғаны бар.

Артынып-тартынып жеткен құданың алдында бұл



да ревут волы... Мы же, как отрезанный ломоть.

Вместо того, чтобы справиться сначала о здоровье, вы расспрашиваете нас о поголовье...

Когда-нибудь нашим состоянием интересовались вы, а?!? Твердите о перестройке. Да провалитесь вы со своей перестройкой в тартарары! – политизировав и, завершив свою гневную тираду, кажется, он тогда еле-еле успокоился.

- Дядя, директора нет на месте, провожает сватов, будет только завтра.

Резко повернулся на голос. В дверях стояла молоденькая испуганная секретарша.

Миражи, застилающие глаза, рассеялись. Заметил: кресло пустовало. Над ним висел портрет Горбачёва.

Нельзя сказать, что это бездушный рисунок, так как взгляд генсека проникал до глубины души.

Неодушевлённый предмет был вовсе неотличим от оригинала. Красное родимое пятно на правой стороне его лба даже стало чернеть.

«Дорогой Санақбай, да разве ты такой же горлопан», - будто упрекал он.

Охваченный одновременно и гневом, и стыдом, он, взобравшись на коня, пустил кнут по его крупу.

Оказалось, эта пичуга распространила слухи об этом казусе кому ни лень. Даже посторонние люди смеялись, почёсывая животы. Превратили этот случай в легенду.

Горбачёв, раскритикованный Санақбаем, похоже, сдался, не выдержав этой нападки. Надо полагать, что он, смирившись с велением времени, выговорил: «ладно, нельзя уже сопротивляться».

Сумятицы в стране закончились тем, что одним достались зимовья, другим – кочевья, словом, наступила независимость. Кто может сказать, что она осуществилась без участия Санақбая?!

В прошлом году, когда состоялось сватовство к дочери двоюродного брата, живущего в соседнем ауле, было дело, что и он попал на это застолье.

Под горячими парами захотелось прихвастнуть



қызды-қыздымен: «Мен сонау Петерборға қой айдайтын жылы», – деп салыпты.

Сөйтіп, дастарқан басындағы жас-кәріні бірдей таң-тамаша еткен.

Тек әлгі немере інісі түскір ұялып, жауырынын бүлкілдетіп:

«Көке, оның бергі жағында да қалалар бар ғой», – дейді.

«Ой, Сәке, сіздің даңқыңызға қанықпыз», – десіп құдалар жағы мұның ыңғайына жығыла-жығыла кетсін.

Не десеңіз де, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған кешегі заман мұның көзінен бір-бір ұшты.

Петербордың төбесін көрмесе де қызды-қыздымен қой айдаттырып отырған жүз граммның буы емес, сол өткен дәуренге деген сағыныш екен-ау.

...Жекешелендіру келді де, әлгі жымысқы немере ортақ қазанның қаймағын қалқып ішіп, қашып ол кетті.

«Пайызға алдым» деп маңыратып айдап бас мандар жөнелді.

Жиырма-отыз тұяқ пен ақ таяққа сүйеніп «Ой, дәйт!» деп бұл қалған. Сегізкөзін сүйретіп жүріп кемпірінің кіржіңдейтіні содан...

Өз ойымен өзі тартысып жүріп аңдамапты, ауылдағы жалғыз дүкеннің де алдына келген екен.

Дүкенмен іргелес қарауыл күркесінен жылт етіп Антонинаның басы көрінді. Артынша тот басқан мылтығына сүйеніп шикіл сары кемпірдің өзі шықты

– Санақ, ішке кір. Корей шал қазір келеді.

– Келсін. Ерлепес қайда?

– Пошта жақта. Жетер.

Енді тізе сындыра бергенде аулақтау өскен қос теректің көлеңкесінен корей шал да шықты. Қолын-



перед прибывшими с подарками сватами. «В тот год, когда я отгонял стада овец в Петербург», - брякнул он невпопад.

За застольем были удивлены и стар, и млад.

Только двоюродный брат, не пропади он пропадом, пошевелив от стыда лопатками, пробормотал: «О, брат, есть же и другие близлежащие к нам города».

«Да, Саке, мы давно уже слышаны о вашей славе», - с этими словами сваты, чтобы загладить и этот казус, встали на его сторону.

Чтобы ни говорили, перед его глазами промелькнули поочерёдно события прошедшей эпохи, когда на шерсти овец вили свои гнёзда жаворонки.

Хотя и не был в Петербурге, но отгонять туда отары вынуждали не пары от ста грамм, а тоска по тем минувшим временам.

... Наступило время приватизации. Этот проходимец и пройдоха, проглотив с общего котла все сливки, сбежал, неизвестно куда.

Блеющих овец, якобы в качестве своих долевых вкладов, стали отгонять и главные специалисты.

Он же, опираясь на свой посох и причитая на злые козни эпохи, остался лишь с двумя десятками овец. Вот от того-то и бесится его старуха.

Не заметил, как, борясь со своими мыслями, дошёл до входа единственного в ауле магазина.

В примыкающей к магазину сторожке, мелькнула голова Антонины. Следом, опираясь на своё ржавое ружьё, появилась и сама рыжая старуха.

- Санақ, милости просим. Сейчас придёт старик-кореец.

- Хорошо. А где Ерлепес?

- На почте. Должен прийти и он.

Только было, согнул колени, как из тени двух деревьев, растущих поодаль, появился старик-кореец



да қара сөмке.

Әдетінше бір мойындап сығалай қарайды. Иегі қалтылдап күбірлейді.

Бір уыс бетін көміп кеткен ұсақ-ұсақ әжімдер құрт құсап жыбырлап қашып байыз таппайды. Соңынан бір қара қаншық салақтап еріп келеді.

– Әй, сөмкендегі не?

– Күшік. Үйге апарып тастайын. Аш жатыр.

– Не жапағам?

– Құрғырдың әкесін танитын ем. Обал! Мынау жарытпайды екен.

Күшіктер қыңсылап, сөмкені тырмалайды.

– Әкесі көрші ауылдағы сары төбет қой, – деп Антонина қара қаншыққа саусағын безеді. – Біліп ем. Жыл сайын істейтіні осы. Аузыңды аштырып... Осыдан көзіме көрінсін. Бір-ақ атайын.

Қара қаншық бұларға айыпты көзбен мөлііп қарайды.

Пошта жақтан бір қырындай басып Ерлепес те жетті. Төрт көз түгенделді. Алғашқы шөлмек ашылды. Өзі алған араққа иелік еткен Ерлепес:

– Бәрібір пәршиби дүние. Енді біз құрастырып жарытпаспыз, – деп лақылдатып тең бөліп құйды. Осыным қалай дегендей, қалған үшеуді қысыңқы көзімен әжептәуір тінтіледі. Қоңқақ мұрны қолпаш дәметіп, одан әрмен көтеріліп басылды.

– Солай!

Сұлудың көз жасындай мөлтілдеп тұрған араққа қатар қол созысты. Ішке түскен ыстық бу кәрі буынды қуалап бара жатты.

– Айына бір бас қосып, өз көңілімізді өзіміз көтермесек, несіне жер басып жүрміз?



ец. В руках чёрная сумка.

Как обычно, вглядывается искоса. Его рот, завершающийся дрожащим подбородком, бормочет что-то невнятное.

Мелкие морщины, покрывающие его узкое лицо, не могут найти успокоения, шевелясь и расползаясь, словно черви. Увязавшись, следом за ним плелась чёрная сука.

- Эй, что у тебя в сумке?

- Щенки. Несу домой. Голодные.

- Зачем они тебе?

- Пропади он пропадом, знал их отца-самца. Жалко. Эта не может их насытить.

Щенки, скуля, царапали сумку.

- Отец их – рыжий волкодав из соседнего аула, - заметила Антонина, указывая почему-то пальцем на чёрную суку. – Знаю его. Ежегодно творит одно и то же. Только попадись мне. Уложу одним выстрелом.

Чёрная сука, напустив на себя виноватый вид, смотрела на них поникшим взором.

Со стороны почты, прихрамывая на одну ногу, появился Ерлепес. Все четверо были в сборе. Была раскупорена первая бутылка. Будучи её хозяином, Ерлепес произнес:

- Всё равно, паршивая жизнь. Мы уже её не поправим, - разлил водку по стаканам, да так ровно, что будто считал дозы по бульканию. Прищурившись, он поочерёдно взглянул на остальных, будто ждал поддержки своим словам. Его расплющенный нос, раздувшись, еле-еле принял прежний вид.

- Вот, так-то!

Протянули руки к водке, по прозрачности напоминавшей слезинку красавицы. Жар, попавший внутрь, побежал по старческим суставам.

– Если мы сами раз в месяц не поднимали друг другу настроение, то зачем нам ступать по этой



- Солай!
- Зейнетақы өспепті.
- Былтыр алты жүз теңге қосты ғой.
- Өй, – деп Санақбай қолын қалпағынан асыра сілтеді. – Қоспай кетсін!
- Рас. Кеңшардың көшін қара нардай сүйреген біздей озаттың алатыны тиын-тебен. Ал күймей көр!
- Озат атанамын деп бір жамбасты беріп шықтың, – деп Антонина іліп-қақты.

Санақбайдың жүзіне күлкі қонып ұшты. Корей шалдың аузы күбірлеп, қолы жыбырлап басылды.

Айтса айтқандай... Қара жер бусанып, мейірімін төккен жыл еді. Шағыр мен жусан аттың үзеңгісіне оратылып, омырауын қағып жүргізер емес.

Шөп шапқан, тай-тай ғып үйген тракторшылар ала шаңның астында.

Бригадир Ерлестің тфу десе түкірігі сол күзде жерге бір түсіп, бірде түспей, шөп басына ілініп тұрды.

Содан Октябрь мейрамында қара үзіп, шаппай бер бәйге алсын. Бригадасына уыстап шашып ақша үлестірсін.

Көзі майланып, есірік меңдеген тракторшылар жайына тұра ма? Кеңшар кеңсесінің алдында мұны ортаға алып, әлпештеп көкке атсын. Қағып алып, төбелерінен асырып тағы лақтырады.

- Ерім-ай! – дейді.
- Атыңа затың сай Ерлесті-ай! – дейді.
- Сен жүрген жерге шөп шығады ғой, – дейді.



- земле?
- Именно так!
- Пенсию не повысили.
- В прошлом году добавили шестьсот тенге.
- Да ну их, - Санақбай отмахнулся, подняв руку выше шляпы. – Хотя бы и не добавляли вовсе.
- Верно. Мы, передовики хозяйства, носившие на своих горбах всю тяжесть его, получаем гроши. Как тут не горевать!
- Ради того, чтобы стать передовиком, отдал одну ногу, - съязвила Антонина.

Улыбка Санақбая, не успев возникнуть, тут же исчезла. Старик-кореец что-то пробормотал, а руки его, расшевелившись, затихли.

На самом деле так и произошло... Был год, когда земля, выпуская пар, щедро одаривала своими милостями. Бурьян и полынь, опутывая стремена и набиваясь в них, не давали проехать.

Трактористы-косари, прицепщики, покрывшись пылью, работали, не покладая рук.

Той осенью даже плевки бригадира Ерлестеса цеплялись за головки высоких трав, падая на почву лишь через раз.

Потом во время Октябрьских праздников получили премии передовиков. Он раздавал деньги большими горстями, одаривая всех членов бригады.

Разве могли спокойно вынести это событие опьянённые успехом трактористы? Перед конторой совхоза они, чувствуя, стали подбрасывать его к небесам. Подхватывая, подбрасывали выше своих голов вновь и вновь.

- Герой нашего времени! – кричали одни.
- Дело твоё едино с именем твоим, наш Ерлестес! – восклицали другие.
- Там, где проходит он, буйно вырастает трава, - добавляли третьи.



Аяқ-қолы шашылып:
– Тағы да, тағы, – деп бұл шалқалай түседі.

Осы кезде: – Тез! Директор жинап жатыр, – деген шаңқылдаған әйел даусы естілген.

Бәрі кеңсеге лап қойыпты. Әуелетіп атып жіберген мұны қайтадан қағып алайық, аяғымен жер бастырайық деген жан болса ше?

Бұрқ етіп тақырға өзі түсті. Өкіре құлады. Жамбас сүйегі морт кеткен.

Содан бері бір қырындай басады. Содан бері қарауында істегендермен амандаспайды.

Дүкенге Санақбай бас сұғып оралды.

– Бұрынғыдай кезек жоқ. Дүние көздің жауын алады, – деп бір қойды. – Әттең...

– Давай, осы тосты Антонина үшін алайық! – деген ұсыныс корей шалдан түсті
– Алайық.

– Әйел нәсілінен бізге жалғыз серік осы.

Астрахань облысынан бұл отбасының көшіп келгеніне де ширек ғасыр асты. Күйеуі – ұзын сары Петро пешші еді.

«Ол салған пешке тіпті тамызық керегі жоқ, көмір өзі тұтанады», – десетін қатын-қалаш.

Рас шығар. Тек аздаған қулығы бар. Ал деп іске кіріскенде, қолына тастан бұрын қылқытып бір шөлмек ұстатасың. Әйтпесе мұржаң түтін сормайды. Сорса, шығармайды. Қақалып-шашалып жатқаның.

Жатпай-тұрмай балық аулайтын. Қызылқанат пен



Раскинув по сторонам руки и ноги, он лежал на этих руках, желая, чтобы этот момент славы продлился бы дольше.

В этот миг неожиданно раздался визгливый женский голос: - Живо! Всех вызывает директор.

Все лавой ринулись в контору. Где тогда была хоть одна душа, заметившая, что надо его, подкинутого снова вверх, подхватить и плавно опустить на землю?

Тело грохнулось оземь, да ещё и на твёрдый грунт. От боли раздался дикий крик. Его тазовая кость получила закрытый перелом.

Ходит с тех пор, ковыляя одной ногой. С тех же пор перестал общаться с теми, кто работал под его началом.

Из магазина, не задержавшись, вернулся Санақбай.

- Нет прежней очереди. Глаза разбегаются от обилия сортов и ассортимента, - заметил он вскользь.
– Обидно...

- Давайте, этот тост поднимем за Антонину, - это предложение поступило от старика-корейца. Выпьём!

- Из всех женских существ она единственная наша отрада.

С тех пор, как она переехала сюда вместе с семьёй из Астраханской области, минуло уже четверть века. Мужем её был высокого роста рыжий печник Петро.

- Для печи, выложенной им, лучинка даже не нужна, уголь разгорается сам по себе, - поговаривали аульные жильцы.

Наверное, правда. Только была у него маленькая уловка. Прежде чем подать кирпич для кладки, следовало всучить ему в руки горлышко бутылки водки. Иначе труба не давала тяги. А, если и давала, то дым не выпускала. Сами же хозяева задыхались от кашля.

Он был отменным рыбаком. Нанизывая на верёв-



табанның желбезегінен тізіп, майын тамызатын да қоятын.

Сол судың құрты ақыры ажалына жолықты ғой. Шәуіш қатқан шақта қайығы аударылып, Шора өзені жұтып тынды.

Басына шырақ жағып, жылап отырған Антонинаға: «Петро умер. Эта – плёху. Пуст земля ему будет пухуем. Но не гори, дарагая... А это – ат нас тебе падарак», – деп көрші-қолаңның атынан аз орысшасымен көңіл айтып, Ерлепес конвертпен ақша ұсынған.

Сонда өзге түгіл Антонинаның өзі біреу қытықтап жатқандай сықылығын баса алмай қойған.

... Өзі алдымен дүкен ұстады. Артынан қаруылға өтті. Қолында тот басқан сүйір мылтық. 1937 жылы Пензада құйылған.

«1986 жылы желтоқсан айында таңдайына оқ салдым» дейтін. Содан бері атылмапты...

– Қанішкенге жүретін автобусқа кемпірің өрмелеп мініп жатқан.
Бір қырындай басып Ерлепестің де көрмейгіні жердің астында.

– Балгерге кетті. Сегізкөзімді сипатамын деп.

– Біздің жасымызда домбыра мен әйелді күйге келтіру оңай іс емес.

– Ой, бұ заманда заңгер мен балгерге сенім қашқан. Екеуі де алдымен тамырыңды басып көреді. Бас шайқайды. Иманынды ұшырады, – деп корей шалдың тілі шықты.

Бір уыс бетін көміп кеткен ұсақ-ұсақ әжімдер құрт құсап жыбырлап қашып байыз таппайды.

– Айтпақшы, өткен жұмада ауданға барғам. Опырып жейтін Орбайды көрдім.

Ауыздарына андаусызда ащы түсіп кеткендей жанындағы үшеуі бірдей тыжырынды.



ку воблу и лещей за жабры, вялил их до капания с них жира.

В конце концов, властелин воды и забрал его к себе. В самом начале ледостава лодка его перевернулась, а он сам ушёл на дно реки Шора.

Плачущую от горя Антонину посетил Ерлепес: - Петро умер. Эта – плёху. Пуст земля ему будет пухуем. Но не гори, дарагая... А это – ат нас тебе падарак, - утешал он её на коряво-ломанном русском языке, всучив конверт с деньгами, собранными сельчанами и соседями.

В этот момент не только другие, но и сама Антонина, как будто кто-то её шекотал, не смогла сдерживать смех.

... Сначала она была продавщицей. Затем стала охранником. Носила покрытое ржавчиной одноствольное ружьё. Отлитое в 1937 году в Пензе...

Говорила, что последний раз заряжала его в 1986 году во время декабрьских событий. С тех пор оно уже не выстреливало...

- Видел, как твоя старуха вскарабкалась на автобус, идущий в Ганюшкино. То, что не замечает ковыляющий на одну ногу Ерлепес, наверное, зарыто под землёй.

- Поехала лечиться. К целителю.

В нашем возрасте настроить добмру и женщину – дело непростое.

- Эй, сейчас нет доверия ни к врачу, ни к юристу-толмачу. Оба они сначала прощупывают пульс твоего денежного состояния. Качают головами. Нагоняют страхи, - прорезался голос старика-корейца.

Мелкие морщины, покрывающие его узкое лицо, не могли найти успокоения, шевелясь и расползаясь, словно черви.

– К слову, на прошлой неделе ездил в райцентр. Встретил лежебоку Орбая.

Все трое его сотрапезников, словно глотнув нечто горькое, брезгливо поморщились.



– Үстінде өзім тіккен ақ кенеп бешпент. Ақ кепкі. Иығынан бастап етегіне дейін жарқ-жұрқ етеді. Қаптаған орден-медаль. Ал керек болса!

– Оңбаған ит! – деді алдымен Санақбай.

– Ұятсыз доңыз! – деді Ерлепес іле-шала.

– Осыдан көзіме көрінсін. Бір-ақ атайын! – деді Антонина тот басқан мылтығын әрлі-берлі қозғап.

Опырып жейтін Орбай – бұрынғы пермі бастық. Жекешелендірудің алақызба тұсында асап қалғанның бірі. Аузынан ақ май ақтарылып жүріп, ақыры аудан орталығына көшкен.

– Осы ауылға жалғыз құрым киізбен келіп еді, пепілдетіп керуен түзеп көшкенін қарашы, – деп әйелдер жағы қыт-қыттаған.

Оны да қойшы, әлгі саудыраған орден-медальді айтсаңшы!

Ел егемендікке жеткен елең-алаң тұста қысқа жіп байлауға келсе де күрмеуге келмей... «Ой, пірім» деген шақта: «Несін айтасың, әлгі Орбайдың кенже ұлы бизнесмен екен.

- Екі қап ұн беріп, Ленин орденін сатып алыпты.

- Елу кило қантқа Еңбек Қызыл Ту,

- Палас төсенішке «Құрмет Белгісін» сұрапты.

- Медаль берсең он қадақ кір сабын ұстатады», – десіп ел-жұрт елеурескен.

Сауда қызды. Сақал сипағанша небір озаттың өңірін әшекейлеп тұрған атақ-абырой сылдыр қағып со баланың қоржынына түсті.

– Әлгі сивыршы Сайлаудың борпаяқ әйелін білесің ғой?..

– Ал...

- На нём белая кепка и сшитый мною холщёвый пиджак. Блестит от плеч до пупка. Сплошь ордена и медали. Вот диво!

- Подлая собака! - не сдержался Санақбай.

- Бессовестный кабан! – добавил Ерлепес.

- Пусть только попадётся на глаза. Уложу одним выстрелом, - присоединилась к ним Антонина.

Лежебока Орбай - бывший завфермой. Один из тех, кто в лихие години приватизации, отхватил и проглотил огромный куш. Того добра хватило, чтобы ему переехать в райцентр.

- В своё время переселился сюда, имея всего лишь один палас, а теперь же под звуки клаксонов перекочевал с целым караваном, - судачили аульные женщины.

Это, оказывается, ещё цветочки, а что сказать про ордена и медали, что висят на его груди, слово грозди ягод!?

... Ещё на заре независимости, когда короткой нити хватало лишь для обвязывания, но не хватало для плетения... В то время, что там говорить, младший сын Орбая стал бизнесменом.

- Два мешка муки обменял на орден Ленина.

- За пятьдесят килограмм сахара он стал владельцем ордена Трудового Красного Знамени.

- А за палас, оказывается, просил даже орден «Знак почёта».

- За медаль же он всучит тебе десять кусков хозяйственного мыла, - возбуждённо тараторили сельчане.

Торг шёл полным ходом. Не успели погладить бороды, - масса наград передовиков производства со звоном перекочевали в сокровищницу этого юнца.

- Знаешь же, жену-неряху скотника Сайлау, родившую десяток детей.

- Ну...



– Соның да бала көп тапқаныңның байғазысы деп үкімет берген «Алтын қатын» деген медалін жымқырып кеткен.

– Тұзақ үзген алаяқ!

– Оны айтасың, Орбай сол орден-медальді жарқылдатып тағып Астанаға барыпты. Үй сұрапты.

Ондағылар «Ореке, сіздей қадірлі қарияға пәтер бергеніміз жараспас. Қонақтаған тауық құсап бірінің үстіне бірі мінгескен үйде қалай тұрасыз? Үш қабатты коттедж соғып сыйлайық» деп дереу іске кірісіпті.

Корей шал иегі қалтылдап, әдетінше жанындағыларға бір мойындап сығалай қарайды.

– Оңбаған ит! – деді алдымен Санакбай.

– Ұятсыз доңыз! – деді Ерлепес сазарып.

– Осыдан көзіме көрінсін! Бір-ақ атайын! – деді Антонина тот басқан мылтығын әрлі-берлі қозғап.

– Онсыз да қасқыр соғатын жағымда отыр екенсің. Күйдірме бізді. Тоқтат! – деп Ерлепес ежірейіп барып ес жиды. – Қой алдымызға одан да бір шөлмекті!

Бір уыс бетін көміп кеткен ұсақ-ұсақ әжімдер құрт құсап жыбырлап қашып, өз қалтасын өзі тінткен. Ышқырын қопарып жатып төрт бүктелген екі жүз теңгені әрең тапты.

Үшінші шөлмектің басы бұзылған соң арқа-жарқа күйге енді. Дүние жайланып, жадырады...

– Соңғы кезде кемпірім түсіме жиі енеді. Бойын арақ билеген корей шал тыңнан сөз бастады.

– Жұмаққа кіреді. Саспа!..

– Рас па?..



- Если бы ей дали медаль «Золотая баба», то и её он бы прибрал к своим рукам.

- Обошедший сети проходимец!

- И не говори, нацепив эти блестящие ордена и медали, Орбай, оказывается, поехал в Астану. Просил квартиру.

А тамошние чиновники даже уговаривали: «Ореке, такому уважаемому человеку, как вы, не к лицу какая-то квартира. Как же вы, как курица на насесте, будете жить в многоэтажном доме? Лучше построим для вас прекрасный коттедж», - решили они, срочно приступив к строительству.

Старик-кореец, с дрожащим подбородком, посмотрел на всех, как обычно, искоса.

- Подлая собака! - не сдержался Санакбай.

- Бессовестный кабан! – добавил Ерлепес.

- Пусть только попадётся на глаза. Уложу одним выстрелом, - не отставала от них Антонина, перебирая в руках своё ржавое ружьё.

- Молчать! – вскрикнул неожиданно Ерлепес. - Не подливай масла в огонь. Не забудь, что ты сидишь под той рукой, которой я одним ударом убиваю волка! – возбуждался он, с трудом приходя в себя. – Лучше поставь сюда бутылку.

Хозяин мелких морщин, которые шевелились и расползались по его узкому лицу, словно черви, стал копать в своих карманах. С трудом вытащил откуда-то из-под ремня сложенную вчетверо купюру в двести тенге.

Как только была откупорена третья бутылка, настроение присутствующих поднялось на новый виток. Мир вокруг заиграл другими красками.

- В последнее время часто снится моя старуха, – издалека начал разговор старик-кореец, опьянённый водочными парами.

- Не беспокойся, попадёт в рай!

- Правда, да?



Тігінші шалдың мұнда қалай тап болып, тұрақтап қалғанын ешкім тап басып айта алмайды. Сөзі шоттың тасындай санаулы.

«Камчаткада туып-өстім. Түбім Кореядан», – дейтін.

Дөңгеленіп піскен майлы тоқаштай домаланған кемпірі бар-ды. Ауылда бақша ұстаған жалғыз өзі. Қауын-қарбызды көгендегі қозы-лақтай ғып тізіп, тоқал тамның көлеңкесінде тиын сауып отыратын жарықтық!

Осы Антонина баяғыда көйлек тіктіргелі сол тоқал тамға беттепті.

Етженді, шикіл сары келіншектің бұлғақтап тұрған кезі. Бояуы жұқа, аспан түстес көгілдір көзі күлім қағып, найқала баспай ма? Ішіне құпия бүгіп, наздана қарамай ма?

Сонда осы антұрған көйлектің өлшемін аламын деп бесті биенің сауырындай былқылдап тұрған бөксесін сипалай беріпті. Сипалап жатып:

– Осы келіншекті-ай, тым болмаса түсімізде оңаша көрсек, бұ дүниядан армансыз өлер едік, – депті.

Домаланған Дусясы түскір қайдан шыдасын, шар ете қалыпты. Шатақ бастапты.

Матаны жұлып алып терезеден атыпты. Байын жұлып алып есіктен атыпты. Әйтеуір, өле-өлгенше осы әйелмен алакөз боп өтті.

Сол қызғанышты қызылды-жасылды дүние бұл күнде бұлардың көзінде ғана қалды. Өзі жоқ. Бұлдыр-бұлдыр бір елес. Не біржола қашып кетпейді, не қусаң жеткізбейді. Зырылдаған кара мәшенкесін құшақтап корей шал, тот басқан мылтығына сүйеніп Антонина қалды. Не дерсің бұған?..

– Корея дамып кеткен. Керемет! – деді ақыры жанарында беймәлім жылтыл оянып. – Телевизордан көрдім. Көшетін шығармын.

– Россияның жағдайы жақсы, – деді Антони-

Никто не мог ответить на вопрос, откуда и когда в этих краях появился, поселился этот старик-портной. Количество слов им применяемых сосчитаны, как костяшки на счётах.

Говорил, что родился и рос на Камчатке, а корни остались в Корее.

Была у него старуха, круглая и спелая, как баранка в масле. В ауле только она одна содержала огород. Когда поспевали дыни и арбузы, сбив их в кучу, словно ягнят и козлят, пусть земля ей будет пухом, сидела в тени своего домика на отшибе и доила деньги.

... Давно это было, вот эта самая Антонина, решив сшить себе платье, вошла в этот домик на отшибе.

Пухлая, цвета соломы женщина была в то время кокетлива. Разве она не стала бы строить глазки, покачивая бёдрами при плавном шаге?

Тогда этот неверный, под видом того, что снимает мерку, стал без конца гладить её бёдра, мягкие и гладкие, как круп кобылицы. Поглаживая, он к тому же приговаривал:

- Ах, какая женщина, хоть во сне бы встретиться с ней наедине, другой мечты в этой жизни и не надо!

Как такое могла выдержать его круглая, как баранка в масле, Дуся, - не выдержала, взорвалась. Возник скандал.

Вырвав отрез, выкинула его в окно. Схватив мужа за воротник, выбросила из двери и его.

... Ревностно и жаль, но от этого мира, канувшего в небытие, остались одни только горькие воспоминания. Самого его уже нет. Только сплошные смутные видения. Не исчезают бесследно, не дают оживить себя вновь. Он остался со своей швейной машинкой, как и Антонина - с ржавым ружьём, опираясь теперь на него, как на посох. Что можно сказать про этот брэнно-мнимый мир?!

- Корея бурно развивается. Это здорово! – про-светлев на мгновенье, сказал он. – Видел по телевизору. Наверное, переуду.

- Положение у России тоже хорошее, - встряла в



на нарттай қызарып. – Қызым шақырса, мен де қозғалам.

– Астана күшті! – деді Ерлепес те қарап қалмайын деп.

– Астана сұмдық! – деді Санақбай өзге сөз таба алмай.

Тот басқан мылтығына сүйеніп, орнынан әуірімнің күшімен тұрып кеткен Антонина дүкенге беттеген.

– Ғазиза ұрсып жатыр, «Айналаны жау шапқандай етіндер» дейді, – деп оралды. Құрқол қайтпапты.

– Саудасын қыздырып тұрмыз. Одан артық не керек? – Ерлепес ренжіп, бір қырындай отырды.

– Сұлтанмахмұт деген жас ақын шығыпты. Сол «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болам» деп жазыпты, – десін Санақбай қопаң қағып. – Жақында оқыдым.

– Күн болатындар көбейіп кетті. Қорқам, нәлеті, – деп Ерлепес әлі өкпесін баса алмай бір қырындаудан жазбады.

– Давай, ән айтайық, – деді Антонина алыстан бір сиқырлы әуен естігендей басын екі иыққа кезек тербеп. Басқа былқыл қағып мықын мен бөксе қосылды.

– Шырқайықшы, – деді корей шал қолын ербеңдетіп, дирижердің кейпіне еніп.

– Баста! Бәріміз мінгесіп айтамыз.

Ерлепес үш ұмтылып зорға құйрық көтерді.

Екі көзін тарс жұмып алған Санақбай:

Ақ тауыққа жем салмайсың,
Аштан өлсін дейсің бе? – деп лекітіп келіп, даусын енді созам дегенде:



разговор раскрасневшаяся Антонина. – Если позволит меня дочь, – подамся к ней.

- Астана великолепно! – воскликнул Ерлепес, не желая отставать от других.

- Астана супер! – возмутился Санақбай, не зная, что и добавить в эту дискуссию.

Опираясь на своё ржавое ружье, и с трудом поднявшись со своего места, в магазин отправилась уже Антонина.

- Газиза ругается, говорит, что всё вокруг нас, словно после нашествия врага, - выговорила она. Но возвратилась не с пустыми руками.

- Благодаря нам процветает её торговля, что ещё ей надо? - Ерлепес, обидевшись, пересел на другой бок.

- Появился новый молодой поэт по имени Султанмахмуд. Он написал такие стихи: «На тёмное небо невежеств взберусь и буду оттуда, как солнце, светить», - хвастливо цитировал строки Санақбай. – Читал недавно.

- Что-то много солнц появилось у нас на небе. Боюсь, что спалят нас. – С прежним обиженным видом пробурчал Ерлепес, не думая и менять занятую позу.

- А, давай споём, - предложила Антонина и, словно слушая мелодию, доносящуюся издалеча, стала покачивать головой, прижимая её поочередно к своим плечам. К качающейся голове присоединились бока и бёдра.

- Да, давай затынем песнь, - стал размахивать руками старик-кореец, вживаясь в образ дирижёра.

- Начинай, а мы все поддержим сообща.

Ерлепес, желая встать, поднялся только с третьей попытки.

Санақбай, закрыв оба глаза и затынув:

Где для белой куры корм,
хочешь уморить её? – только было, хотел перейти на более высокий тон, но его оборвал Ерлепес:



– Өй, қой! Қайдағыны қоқытпай... Ақ тауығың арам қатқан, – деп Ерлеспес кесіп тастады.–
Әнұран қайда? Соны айтамыз! Баста!
Алтын күн аспаны...

Қапелімде төрт дауыс төрт жаққа шығандап барып, «Қазақстаным» деген тұста ғана бас қосып өтеді.

Қайырмаға екінші мәрте оралғанда Антонина күшейіп, жігері тасып, тот басқан мылтығының дүмін жерге солқ еткізіп ұрсын.

Сол сол-ақ екен, сонау желтоқсан айында салынған жалғыз оқ шаңқ беріп атылды. Өзі де зарығып тұрса керек.

Бүкіл ауыл шаңынан дүр сілкінді. Бота-тайлақ бас жібін үзіп қашып, шығандап кетті.

– Россия, спаси! – деп Антонина қос қолын жайып аңырай жығылды.

– Made in Korea! – деп сымдай жіңішке даусымен бажылдап жіберген тігінші шал қурайдай боп сол құшаққа құлады.

Кімнен араша тілерін білмеген Санақбай мен Ерлеспес дүкен айнала жортақтап қашып, жорғалап бұқты.

P.S. Бір уыс жемге таласқан торғайлар да ұшып-қонып, «алтын күннің» астында шырылдап жатты.

- Кончай пороть всякую чушь! Твоя белая курица давно уже сдохла. Где гимн нашей страны? Споём его. Запевай!
- Золотой солнца диск...

Четыре голоса, разлетавшиеся вначале по четырём сторонам, слились, когда дошли до рефрена «Мой Казахстан».

Когда же добрались до повтора припева, возбуждённая Антонина, не сдержав своих эмоций, сильно ударила оземь прикладом своего ржавого ружья.

Только того и надо было: патрон, попавший в него ещё в далёком восемьдесят шестом году, издал громкий хлопок, выстрелил. Да, видать, долго томился он в патроннике ржавого ружья.

Выстрел переполошил весь аул. Верблюжата, порвав привязи, выбежали из загонов.

- Россия, спаси! – перепуганная Антонина, упав навзничь, воздела обе руки к небесам.

- Made in Korea! – пустив свой визгливый голос, старый портной, словно тростник, повалился на нее.

Не зная, у кого найти спасение, Санақбай и Ерлеспес, обежав магазин мелкой рысью, попадав, уползали прочь.

P.S. А воробьи, отбирая друг у друга зёрнышки из горсти корма, чирикали, то взлетая, то оседая под «золотым солнца диском».

